

GTAMP 17.07.41

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04>

Б.Е. Ахмер, Ж.Ә. Аймұхамбет

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана, Қазақстан

E-mail: birzhan.akhmer@mail.ru, a_zhanat@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0926-171X, 0000-0002-7061-3000

СИМВОЛДЫҢ МӘТІН ТҮЗІЛІМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада мәтін құрылымындағы символдың орны қарастырылады. Адамзат тарихы мен мәдениетінде, әдебиетте түркі дүниесінің бір тармағы ретінде танылған қазақ ұлтының сан ғасырлық рухани құндылықтарының символға айналуы зерттеледі. Поэтикалық туынды мәтіндегі символикалық бейнелеулердің тарихы мен қолданысы талқыланады. Тиісінше, мақалада символдың шығу тарихы, этимологиясы, поэтикалық туындыларда көрініс табуы басты нысанаға алынып, әдебиеттанушы ғалымдардың символ туралы теориялық ұстанымдары негізінде қарастырылады. Қазақ ақындары шығармаларындағы мифтік таным мен символдық бейнелеулерді салыстырыла келе, мәтін астарындағы ұлттық рухани құндылықтар айқындалады. Символ – көркемдік кеңістікте тұспалды, ишаралы, астарлы мәнімен ерекшеленетін құбылыс. Адамзат танымында айнала қоршаған дүние әуелі таңба түрінде белгіленсе, уақыт өте келе таңбалардың танымдық қызметі символдың поэтикалық мәнімен сабақтасқаны белгілі. Таңба әрбір сөздің, бүкіл мәтіннің мағынасын арттырады, кеңейтеді. Символистер үшін таңба – мағынасыз деталь емес, керісінше бастапқы шындықтың белгісі. Осыған орай, мақалада мәтіннің символдық қабаты қазіргі поэзия туындылары негізінде қарастырылып, өлең құрылымындағы символикалық мән, оның мәтінтүзілімдегі орналасу тәсілі зерделенеді. Сонымен қатар, мақалада әлемдік философия мен мәдениетте символикаға қатысты қалыптасқан дәстүр, концептілер, үрдістер де қамтылады. Әрине, мұның басты факторы – көркемдік-эстетикалық таным. Бұл орайда жалпыадамзаттық құндылықтарға жататын мифтік ойлау жүйесі мен символдық кодтың байланысы маңызды екені белгілі. Осылайша, адамзат санасындағы сакральді мәндерді тануға болады. Зерттеу барысында К. Юнг, М. Бейкел, Д.А. Круз, А.Ф. Лосев, Ф. Крейцер, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, т.б. әдебиеттанушы ғалымдардың тұжырымдары мен пайымдары негізге алынады. Сондай-ақ, қазақ поэзиясының белгілі өкілдерінің өлеңдері талдау нысанына алынып, символдың мәтіндегі қызметі туралы ой түйінделеді.

Кілт сөздер: символ, мәтінтүзілім, түркілік таным, ұлттық құндылық, поэзия

Б.Е. Ахмер, Ж.А. Аймұхамбет

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,

Астана, Казахстан

E-mail: birzhan.akhmer@mail.ru, a_zhanat@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0926-171X, 0000-0002-7061-3000

Функция символа в текстостроении

Аннотация. В статье рассматривается место символа в структуре текста. Исследуется превращение многовековых духовных ценностей казахского народа, признанного в человеческой истории и культуре ветвью тюркского мира, в символ. Обсуждается история и использование символических образов в тексте поэтического произведения. Соответственно, в статье делается акцент на истории происхождения символа, его этимологии и проявлениях в поэтических произведениях, исходя из теоретических позиций литературоведов о символе. Путем сопоставления мифологических знаний и символических представлений в произведениях казахских поэтов определяются национальные духовные ценности, лежащие в основе текста. Символ – явление, отличающееся своим аллюзивным, аллюзивным, символическим значением в художественном пространстве. Известно, что в человеческом познании

окружающий мир сначала обозначался в виде символов, но со временем познавательная функция символов соединилась с поэтическим значением символов. Символ увеличивает и расширяет значение каждого слова и всего текста. Для символистов символ — не бессмысленная деталь, а знак изначальной реальности. В связи с этим в статье рассматривается символический пласт текста на основе современных поэтических произведений, а также анализируется символическое значение в структуре стихотворения, то, как оно устроено в структуре текста. Кроме того, в статье представлены традиции, концепции и направления, связанные с символизмом в мировой философии и культуре. Конечно, главным фактором в этом являются художественно-эстетические знания. В связи с этим известно, что важна связь между мифологической системой мышления и символическим кодом, принадлежащим общечеловеческим ценностям. Таким образом можно распознать сакральные ценности в сознании человека. В ходе исследований К. Юнг, М. Байкель, Д.А. Круз, А.Ф. Лосев, Ф. Крейцер, А. Байтурсынулы, К. Жумалиев и др. за основу берутся выводы и суждения литературоведов, анализируются стихотворения известных представителей казахской поэзии, обобщается представление о функции символа в тексте.

Ключевые слова: символ, текстостроение, тюркские знания, национальная ценность, поэзия

B.E. Akhmer, Zh.A. Aimukhambet

*L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan*

E-mail: birzhan.akhmer@mail.ru, a_zhanat@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0926-171X, 0000-0002-7061-3000

Character function in text building

Abstract. The article considers the place of the symbol in the structure of the text. The transformation of the centuries-old spiritual values of the Kazakh people, recognized in human history and culture as a branch of the Turkic world, into a symbol is investigated. The history and use of symbolic images in the text of a poetic work is discussed. Accordingly, the article focuses on the history of the origin of the symbol, its etymology and manifestations in poetic works, based on the theoretical positions of literary critics about the symbol. By comparing mythological knowledge and symbolic representations in the works of Kazakh poets, the national spiritual values underlying the text are determined. A symbol is a phenomenon that is distinguished by its allusive, allusive, symbolic meaning in the artistic space. It is known that in human cognition, the surrounding world was first designated in the form of symbols, but over time, the cognitive function of symbols was combined with the poetic meaning of symbols. The symbol increases and expands the meaning of each word and the entire text. For symbolists, a symbol is not a meaningless detail, but a sign of primordial reality. In this regard, the article examines the symbolic layer of the text based on modern poetic works, and also analyzes the symbolic meaning in the structure of the poem, how it is arranged in the structure of the text. In addition, the article presents the traditions, concepts and trends associated with symbolism in world philosophy and culture. Of course, the main factor in this is artistic and aesthetic knowledge. In this regard, it is known that the connection between the mythological system of thinking and the symbolic code belonging to universal human values is important. In this way, it is possible to recognize sacred values in human consciousness. In the course of research by K. Jung, M. Baykel, D.A. Cruz, A.F. Losev, F. Kreutzer, A. Baitursynuly, K. Zhumaliyev and others, the conclusions and judgments of literary critics are taken as a basis, poems of famous representatives of the Kazakh poetry, the idea of the function of a symbol in the text is generalized.

Keywords: symbol, text construction, Turkic knowledge, national value, poetry

1. Кіріспе

Символ ұғымы, символикалық мән тек лингвистикада ғана емес, одан басқа да гуманитарлық салаларда, оның ішінде әдебиеттану ғылымында кеңірек зерттелген. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, «Символ» терминінің зерттелуі антика дәуірінен бастау алып, Платон, Аристотель, Пифагор, Демокрит секілді ойшылдардың

еңбектерінде аталған термин турасында сөз қозғалды. Поэтикалық мәтіндерде көркем символдар жиі кездеседі. Әсіресе, қазіргі қазақ поэзиясында осы символдық детальдардың қолданылу тәсілдерін, суреткерлік шеберлікпен айшықталуын байқаймыз.

Символдың бастапқы кезеңде мағынасы тар болды, яғни қазіргідей бір аспектімен байланысты емес, өз алдына жеке объектіні, не құбылысты көрсететін термин есебінде қолданылған (Тахо-Годи, 1980: 213). Ал К. Юнгтің пікірінше, символ – реалды және ирреалды қарама-қарсылықты байланыстырады және біріктіреді (Юнг, 1991: 29). Сонымен, символ дегеніміз – ежелгі гректерде белгілі бір қауым өкілдерінің шартты белгісі, яки белгілі бір идеяны танытатын әдеби бейне есебінде қолданылды. Сонымен бірге, белгілі бір идеяның аты немесе түсінігі ретінде таралды. Яғни, антика дәуірінде бір терминнің өзінің бірнеше шартты белгілері болды, нақтырақ айтқанда, сол кезеңде символдың негізгі белгісі – шарттылығы екенін ұғыну керек болды. Символ мәселесін зерттеушілердің бірі А.Ф. Лосев қоршаған әлемді – «символдар патшалығы» деп атап кеткен. Қолдану саласына қарай: ғылыми, философиялық, көркем, мифологиялық, идеологиялық, діни, табиғат және сыртқы техникалық символдар деп бірнеше түрге бөлген (Лосев, 1976: 186).

Әдеби энциклопедияда былай деп көрсетеді: «Символ өнерде салыстыру негізінде, бір жағынан – көркем бейненің іргелес категорияларымен, екінші жағынан – таңба және аллегория арқылы ашылатын әмбебап эстетикалық категория. Кең мағынасында, символ – бұл оның белгісіздік аспектісінде алынған бейне және ол бейненің барлық органикалық және сарқылмас көпмәнділігіне ие таңба деп айтуға болады. Нақты бейне және терең мағына – символдың құрылымында бір бірінсіз түсінікті болмайтын, бірақ өзара ажыраған екі полюс ретінде әрекет етіп, символдар туғызады. Бейне символға ауыса отырып, «айқындалады»: мағынасы тереңдікпен, бар мүмкіндікпен «айқара ашылады» (Литературная энциклопедия терминов и понятий, 2001: 976).

Символды зерттеушілердің бірі неміс ойшылы Ф. Шлегельдің пайымдауынша, поэтикалық шығармашылықтың бәрі символ арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, неміс ғалымдары символды зерттеуде И. Гете сияқты ұлы қаламгерлердің шығармашылығына көп назар аударса, қазақ әдебиеттанушылары символикаға қатысты халықтық поэтикалық туындыларды (жыраулар поэзиясы, т.б.), сондай-ақ өлеңдеріне символикалық сипат тән эстет ақын М. Жұмабайұлы өлеңдеріне көп назар аударады. Сонымен қатар, ұлттық поэзияда символика түрлі суреттеулерге негіз болып, құнды дүниелердің туындауына ықпал етіп келеді. Е. Раушан, Т. Әбдікәкімұлы, С. Ақсұңқарұлы, т.б. қазақ ақындарының поэзиясында символдық бейнелеулер ерекше орын алады.

2. Материалдар мен әдістер

Мәтіндік талдау көркем мәтіндегі символдық қабатты анықтауды, мәтіннің символикалық, семиотикалық ерекшелігін зерделеуді қамтиды. Зерттеу жұмысымызда талдау, саралау, баяндау, талқылау әдістері қолданылды. Өлеңге құрылымдық тұрғыда анализ жасау, деконструкциялық әдіс арқылы көркемдік-формалық ерекшеліктерді анықтау – негізгі міндеттердің бірі болды.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде әдебиеттанушы ғалымдар А.А. Тахо-Годидің «Термин «символ» в древнегреческой литературе», К.Г. Юнгтің «Архетип и символ», А.Ф. Лосевтің «Проблема символа и реалистическое искусство», В. Бауэр және И. Дюмотцтің «Энциклопедия символов», Н.М. Джусуповтің «Тюркский символ в художественном тексте», Л.Ж. Мұсалының «Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі» ғылыми теориялық еңбері алынды.

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында мәтінтүзілімдегі символдың қызметін таныту мақсатында талдау, жинақтау, структуралық-семиотикалық талдау әдістері қолданылды. Өлең мәтіндеріндегі символдардың мәнін түсіндіру герменевтикалық әдіс тұрғысынан жүзеге асырылды. Сондай-ақ символдың қызметін айқындау бағытында ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдар салыстырыла қарастырылды.

2.2 Материалға сипаттама

Жалпы, мақаланың негізгі құрылымы – әдебиеттегі символдың орны, қызметі туралы және т.б. әдеби аспектілер мен элементтерден тұрады. Ежелгі дәуірлерден бастап бүгінгі күнге дейінгі әдебиет, символ, тұспалдау, миф пен символдың байланысы зерделенген.

Символ ең алдымен, грек халқында пайда болды. Оның өзіндік тарихы бар, яғни этимологиясына назар аударатын болсақ, коммуникативтік және әлеметтік қызметі басты орында тұрған. Нақтырақ айтқанда, символды гректер сынып қалған пластинканың бір-біріне жалғанатын бөліктері деп атаған. Осы сынықтар яки үзіктер арқылы одақтас адамдар бірін-бірі таниды.

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде әдеби мәтіндердегі символ терминінің қолдану аясына қарай түрлі бөліністер пайда болды. Кейбір әдебиеттанушылар символдың түрлерін былайша жіктейді:

- Этникалық символдар. Символдың бұл түрі белгілі бір этникалық қауым арасында ғана қолданылады;
- Мәдени символдар – белгілі бір мәдени ортада немесе белгілі бір тарихи уақытта қолданатын символдың түрі;
- Арнайы символдар – белгілі бір мақсатқа бағытталған, яки арнайы оқиғаларда қолданатын термин.

Бұл терминдердің өзі іштей бірнеше топтарға жіктеледі. Этникалық символдарға ежелгі скандинавиялық символдар, мысырлық символдар және т.б. жатса, мәдени символдарға тарихи символдар және қазіргі қолданыстағы символдар кіреді. Ал арнайы символдарға астрологиялық символдар, сандар, түстер және геометриялық символдарды жатқызады (Бауэр, Дюмотц, Головин, 1998: 26).

Осы тұста жалпыадамзаттық және ұлттық танымдағы тұрақты символдар туралы да айта кету керек. Жаратылыстағы жұмбаққа толы құбылыстар адамзат санасында түрлі ой туындатып, сол негізде символикалық нысан-ұғымдарды қалыптастырды. Солардың бірегейі ретінде әу баста күллі дүниені алып жатқан шетсіз, түпсіз мұхит суын айтамыз. Әлемдік мифологиядағы тұрақты мотив атрибуты болған су әлемі бұлттық дүниетанымымызда ерекше қалыппен жаңғырды. Бұл туралы: «Түрік халқында су – жаратылыстың, көбеюдің, молшылық пен құнарлылықтың, жойы-

лу, қайта туу мен түрленудің символы. Түріктердің наным-сенімде су өте жоғары қасиетті сипатқа ие», – деген пікірді айтамыз (Аймұхамбет, Миразова, Алимбаев, 2022: 114)

3. Талқылау

Қазақ символизмі турасында сөз қозғаған кезде оларды екі топқа жіктеуге болады. М. Жұмабайұлы, Б. Күлеев сынды ақындарды алдыңғы буын символистері десек, ХХ ғасырдың 30-40-жылдарынан бергі поэзия өкілдерін кейінгі буын символистер тобына жатқызуға болады. М. Жұмабайұлы мен Б. Күлеев поэзиясында «Көк Тәңірі, Түркі, Ғұн» сияқты танымдық тарихи символдар, «жүрек, көңіл, ой, зар, жел, толқын, Күн, жұлдыз, Ай» сияқты адами және табиғи концептілер көптеп кездеседі.

М. Жұмабайұлының символикалық сипаттағы өлеңдерінен ақынның арман-мұратын айқын танылады. Сондай-ақ романтизм әдебиетіне тән сипат басым. Романтизмнің негізгі бейнелеу тәсілдерінің бірі – символика. Ақынның бір ғана «Күншығыс» өлеңінде символдық астар, тұспалдаулар көп. Мәселен:

...Оның өлген үнімен,
Қанды батқан күнімен,
Күншығысым оянсын! (Жұмабаев, 2013: 24).

Бұл өлең шумағындағы «Күншығыс» сөзі символ ретінде қолданылған. Күншығыс – адамзаттық мәдениеттің ошағы болған тұс. Яғни, Күннің атуы – материалдық тұрғыдағы құбылыс емес, одан тереңірек, жаңалықтың, жақсылықтың бастауы дегенді де қамтиды.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын С. Ақсұңқарұлының өлеңдерінде де «Көк түрік», «Көк Тәңірі», «Көк бөрі» деген тұрақты символдар кездесетіндігін айтуға болады. Ақын:

Түркіге түбі тексіз жүйе қас-ты,
Бетіме қай сұм келіп күйе басты?!
Қалайша Көк Тәңірі Көк Түркіден
Көз жазып,
Көк Бөріден кие қашты?! – деп жырлайды (Ақсұңқарұлы, 2012: 62).

Яғни мұнда ақын тағы «Көк Бөрі» символын қолдану арқылы ата-бабаларымыздың қанында болған ерлік пен өрлік концепциясын алға тартып, өткен шақ пен бүгінгі кезең ұрпақтарының дүниетанымын, ұстанымы мен мінезін салыстыра әспеттеген. Арғы қазақтан қалған асқақтық, теңдік, ұлтжандылық секілді сезім иірімдерінің бүгінгі ұрпақ бойында қалмағанына қынжылады ақын. Киеліден көз жазып қалу, дәстүрден аттау, салттан адасу, ата мен бала арасындағы рухани алшақтық, өзектің үзілуі, жаһандану заманында ұлттық болмыстан ажырау мәселелері осы өлеңде айқын танылады. Сонымен қатар, С. Ақсұңқарұлы көне замандар үзілмей келе жатқан «Көк Бөрі» мифологиясының сакральді мәні жойылып бара жатқанын да тұспалдаған. Дегенмен, дала тағысының қазақта, қазақтың дала тағысында алатын орны ерекше. Екеуі біте қайнасқан құндылық, ажырамайтын ұстаным.

Қазақ әдебиеттану ғылымында «символ» мәселесінің зерттелуі ғалым А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлы символ терминін «Бернелеу» деп атады. «Бернелеу – бір нәрсенің, көбіне адам мінезін, құлқын,

ғамалын екінші нәрсенің мысалына көрсетіп айту», – деген пікірін келтіруге болады. Сондай-ақ ғалымның пікірінше, символ метафораға өте ұқсас болып келетіндігін айтып кетеді де, метафора ұлғайып, символға айналады деген тұжырымдаманы ұсынады (Байтұрсынов, 2003: 31).

Жалпы, А. Байтұрсынұлының пікірін әрі қарай қуаттайды десек те болады. Өйткені әдебиеттанушы теңеу мен метафораны символмен бірге қарастыра отырып, теңеуде теңейтін және теңелетін заттың екеуін де көз алдымызға келтіре аламыз, ал метафорада өзіне жақын ұғыммен ауыстырылса, келесі символда теңеудің бір ғана мүшесі болып көркем бейнеге айналады, сол кезде оны символ деп атайды екенбіз деп көрсетеді. Осылайша, А.Байтұрсынұлы символда метафоралық реңк бар екендігін алға тартады. Символды метафорамен бірге қатарластыра қарастырғанымен, екеуінің арасында едеуір айырмашылықтар да бар екенін көрсетеді, осы тұжырымдарға сүйене отырып, біз де символ мен метафораны бір ұғым деп қарастыра алмаймыз. Ағылшын ғалымдары Р.Уэллек пен Р.Уоррен егер образ өзінің қызметінен шығып, метафора функциясына көшсе және тұрақты түрде қайталанатын болса, символға айналады деген пікірді алға тартады. Сондай-ақ, ғалымның пікірінше, символдың басқа троптың түрлерінен айырмашылығы, әсіресе метафорадан айырмашылығы тұрақтылығы мен қайталанушылығында деп көрсетеді (Уэллек, Уоррен, 1978: 205).

Біз сөз етіп отырған символдық бейнелеудің астарында этномәдени құндылықтар жатыр. Нақты әрі дәлелді түрде ұғындыру үшін бұл саланың екі бағытын жан-жақты зерделеуіміз керек. Біріншісі – мәдениеттің заттай бұйымдары, яғни әр түрлі еңбек құралдары (алғашқы тас құралдан бастап, осы күнгі техникаға дейін) және екіншісі – мәдениеттің рухани құндылықтары. Олардың қатарына: дін, әдебиет, музыка, философия, тіл, тарих және тағы басқалар топтасады. Осы салаларға назар аударатын отырып, ұлттың жекелеген эстетикалық көзқарастарын, дүниетанымын, бағыт-бағдарын айқындауға болады.

Бірнеше мысалдар келтірейік.

Қазақтың классик ақыны Е. Раушанов:

Түркінің табынары – Көк Тәңірі-ақ,

Түркі кім?

Бізге дерек жетпеді нақ.

Әйтеуір тер сасыған тебінгісі

Бір елдің көшіп-қонып өткені хақ

Бір елдің өткені анық көшіп-қонып,

Көк селдір, көркем дала бесік болып.

Әлі ешкім алдымызға жайған емес,

Сол көштің бума-теңін шешіп беріп (Раушанов, 2006: 318-319)

Ақын туындысында «Түбім –түркі» деген бағзыдан келе жатқан тектік негізімізге қатысты сөз рухани-мәдени болмысымызбен үндестіре бейнеленген. Көшпелі тірлік кешкен халықтың «Көк селдір, көркем даланы бесік» етуі символикалық мәнімен ерекшеленеді. Осылайша «дала – бесік» метафоралық-символикалық суреттемесі ары қарай тереңдей түседі. Сөйтіп келесі шумақтағы «көш» және оған қатысты де-

таль ретіндегі «бума-тең» ұғымдары символикалық сипатымен көрінеді. Түркілік кезеңнен қалыптасқан, бүгінде қастерлі құндылыққа айналған бай мұраны «бума-тең» түрінде бейнелеу ұлттық поэтикалық танымымызға өте жақын, барынша түсінікті. Символ Есенғали өлеңінде әрі тұтас жүйе (түркі, Көк Тәңірі, көш, дала, бесік) әрі жеклеген деталь (бума-тең) түрінде қызмет етіп тұр. Символдың көп мағыналылығы бұл шумақтарда барынша айқындала түскен. Ұлттық таным-түсінікті поэтикалық тұрғыда түрлендірудің жарқын үлгісі осы символикалық бейнелеулер.

Жас ақын Е. Жүністің «Жалғыз сөздің өмірі» поэмасында мынандай жолдар бар:

Бұл ұлы дала – бір биік тілдің даласы,

Түркіден қалды түмен тіл, түбі – қазақта.

Асқақ бір жұрттың ағайындасқан баласы,

Түркіден қалды түмен ел, ділі – қазақта (Жүніс, 2021: 71).

Тарихқа көз жүгіртсек, Түркі әлемінің ежелгі темірқазығы – Орталық Азияда этномәдени құндылықтар заттай да, рухани тұрғыдан да жоғары дәрежеде қарастырылып келді. Дегенмен, әр түрлі дәуірлердегі әлеуметтік-экономикалық қақтығыстардың нәтижесінде кейбір көне мазарлар мен ғибадатханалар, жәдігерлер, тарихи орындарға залал келтірілгені мәлім. Жалпы, қазақ мәдениетінде этнографияны көбінесе эстетикалық құндылық ретінде қарастырады. Мұның себебін байырғы фольклорлық мұраға халықтың жақын болуымен байланыстырамыз. Сондай-ақ түркінің тілі – қазіргі қазақ тілінің жалғасы. Сондықтан ақын «Түркіден қалды түмен тіл, түбі – қазақта» деп жырлаған. Яғни, тіл – барлық гендік кодтар мен құндылықтарды, қасиеттерді, менталитетті ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы. Осы орайда, поэзиялық шығармалардың да салмағы артып, ұлттың этногендік ерекшеліктерін байқатады. Шыр етіп жарық дүниеге келген сәбидің ең бірінші еститін сөзі – ананың әлдиі, тілі. Осылайша, ғасырдан ғасырға ұлттық мәдениет пен ұлттық тәрбиенің негізгі рухани мұралары дарыды. Ал ананың тілі мен әлдиі, ақ жаулық киген бейнесі – түркі халықтары үшін киелі ұғым. Жас ақын дәстүрді дамыта отырып, Ұлы дала, қазақ, тіл мен діл ұғымдарына символикалық сипат дарытады.

4. Нәтижелер

Өнер адамының табиғи кемел талантынан туған дүние шынайы болары сөзсіз. Бұл – қазақы дүниетанымнан қалыптасқан эстетикалық көзқарас, дәстүрлі бағыт. Салт пен ғұрыптың, мәдениет пен әдебиеттің, аға буын мен жас буынның ажырамас үлгісі эстетикалық мәні жоғары поэтикалық туындыларда айшықты орын алады. Е. Раушан, Т. Әбдікәкімұлы, С. Ақсұңқарұлы және т.б. ақындар осы үздік дәстүрді жалғастырып, ұлттық ерекшеліктерді бейнелеу тәсіліне арқау етуге ерекше мән береді.

Символдың метафорадан айырмашылығы мен ұқсастығын нақтылау мақсатында ғалым В.Шелестюк арнайы зерттеу жүргізген. Нәтижесі бойынша, терминдердің ұқсастықтары:

1. Кейбір семантикалық, яғни мағыналық белгілердің біріншісінің кейінгісіне қарай жылжуы;

2. Ауысу механизмі кезіндегі біркелкілік;

3. Сөз мағыналарының ауыспалылығы;

Ал айырмашылықтарына келетін болсақ:

1. Символда бір нәрсені тұспалдау басым болып келсе, метафорада эстетикалық сипат басым.

2. Символдық мәнді білдіретін мәтіндерде ауысу құралы реалды түрде және объективті түрде сипат алатын болса, метафоралық мәтінде қиялдық сипат басымырақ болып келеді (Шелестюк, 2003: 32).

Зерттеуші символ терминінің өзге бейнелеу құралдарынан ұқсастықтары мен айырмашылығын зерттеумен қатар, символдың қызметі турасында да сөз қозғаған. Символдың ең басты қызметі – бейнелеушілік Екінші қызметі – эстетикалық әсер беру қызметі, өйткені символды қолдану арқылы кез келген тұлға объектінің маңызды және идеалды мәнін аша алады. Алайда бұл қызметі символға қарағанда метафора секілді троптың түрлерінде көбірек ұшырасады. Үшінші қызметі – коммуникативтілік, өйткені символ нақты емес деректі немесе идеалды мағынаны көрсетеді. Төртінші қызметі – магиялық, сиқырлық қызметтері деп аталады. Өйткені символда құпиялылық белгісі де кездеседі.

Сонымен қатар Е.В. Шелестюк символдардың 3 түрін атап өтеді:

1. Мәдени-стереотипті символдар – мәдениеттердің барлығына ұғынықты қазіргі мәдени символдар;

2. Архетип-символдар – көне мифологиялық түсінік пен пайым негізінде қалыптасқан символдар;

3. Субъективті-авторлық символдар – бұған авторға ғана түсінікті, автордың өзіндік қолданысындағы символ түрі жатады (Шелестюк, 2003: 34).

Ғалым З. Қабдолов символды троптың бір түрі ретінде қарастырады да, бір нәрсенің жеке өзін суреттемей, сол затқа ұқсас нәрсеге ұқсата бейнелеудің түрі осы символ деп жеке атап өтеді және символды астарлаумен бірге қарастырады. (Қабдолов, 2014: 309). Академик З. Ахметов болса, символды аллегорияға жақын екендігін айтып өтеді. Мысалы, гүл – жастықтың символы, көгершін – татулықтың пен бейбітшіліктің символы ретінде алынады деп пікірін осындай мысалдармен дәлелдейді. Ғалымның пікірінше, символ көбінесе адамның тұрпат-тұлғасын, кескін-кейпін, сымбатын тұтас алып сипаттайды, егер бір белгі-сипатын ғана алса, оны бүтінге балап, тұтас бейне орнына алады (Ахметов // Классикалық зерттеулер, 2013: 257).

Алайда символды аллегорияға қарсы қойған Ф.Шеллинг пен Ф.Крейцер сынды шетелдік ғалымдар да болды. Троп түрлерінен бөлек, ғалымдар символды бейнемен салыстыра зерттеулер жүргізген. Өйткені кез келген символ бейне бола алады, ал керісінше, бейненің символға айналуы – күрделі құбылыс. Дегенмен ғалымдардың басым көпшілігі символдың мәнін ашқанда бейнеге жүгінеді. Оған символ өзінің таңбалық аспектісінде алынған бейне екендігін, оның ішінде тіпті миф те болуы мүмкін және көпмағыналылықты қамтитын бейне деген тұжырымдаманы ұсынуға болады. Нейропсихологиялық тұрғыдан қарастырғанда, символ – бейнені бейсаналы түрде ығыстыру үшін пайда болған термин деуге болады.

Символ мен бейненің арақатынасына үңілсек:

– кез келген символды алатын болсақ, бейнеге айнала алады. Бірақ кез келген образдың символға айналуы екіталай;

– бейненің символға айналуы не айналмауы мәтінге, яғни контекстке байланысты;
– бейне өзіне тиісті мағынадан шыға алмайды, ал символда көпмағыналылық басым болып келеді.

Қазіргі түсіндірмеде символ термині метафора, аллегория, теңеу сияқты троптың түрлерімен өзара ұқсас болып келгенімен, символ өз алдына жеке троптың түрі ретінде алынады. Өйткені басқа троптың түрлері секілді, символ да өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Оған дәлел – символдың ішкі жағындағы байланыстар жай ғана құрыла салған нәрсе емес, белгілі бір жүйеге негізделгенінде жатыр. Бұл жердегі жалпы мен жеке бірліктердің аражігіндегі байланыс – белгілі бір заңдылықпен жүзеге асады, түрлі мағыналық өзгерістерге ұшырайды. Символдың тағы бір ерекшелігі – жинақтаушы сипат басым болып келеді. Ал басқа троптың түрлерінде салыстыру, айшықтау, әсірелеу басым болса, символда бұл ерекшеліктер тасада қалады десек те болады. Өйткені символдың негізгі қызметі – жинақтаушылық.

Миф пен символдың байланысын зерттеген кейбір әдебиеттанушы ғалымдар олардың түпнегізі бір екенін екенін айтады. Көбінесе символдың кодтары мифте, мифтің элементтері символда кездесіп жатады. «Миф – ерекше символдық сипатта көрініс табатын мәдени аспект. Сондықтан мифтің ең маңызды және негізгі атрибуты – символ. Дәл осы миф арқылы символ пайда болды» (Аймұхамбет, Жұмағазина, Дәлелбекқызы, Айтуғанова, Сейпутанова, 2021: 199).

Символды семантикалық жағынан зерттеген кезде ең бірінші, лексикалық мағынасын айқындау қажеттігін айта кеткен жөн. Осы тұрғыда зерттеу жүргізгендердің бірі Э. Лич символда мынадай мағыналар бар екендігін атап көрсеткен:

- Концептуалды мағына
- Коннотативті мағына
- Әлеуметтік мағына
- Аффективті мағына
- Рефлексивті мағына
- Сәйкес мағына
- Тақырыптамалық мағына

Ғалым бұл мағыналардан бөлек, қала тұрғындарының психологиясын да зерттеген. Сол зерттеуінде адамдар жасаған орта, атмосфера, заттардың өзіндік символдары бар екенін де тілге тиек етеді. Яғни, субъект құрастырған объектілердің белгілі бір таңбаға айналуы – бұрыннан келе жатқан мифтік, дәстүрлі танымның жемісі (Лич, 2001: 43).

Бұл жүйелеулер дерлік символдың мәтінтүзілімдегі қызметінен алынып отырғаны даусыз. Көркем туындының негізі болып табылатын мәтін жекелеген сөздердің мәнді, тұспалды, астарлы жиынтығынан түзілсе, дәл осы түзілімде символдың алатын ерекше орны бар екеніне мәтіндік талдаулар және сол талдаулар арқылы алынған тұжырымдар дәлел бола алады.

Ежелгі дәуірлердегі таңбалық белгілеудің кейінгі дәуірлерде символикалық бейнелеулерге сабақтасуы адамзаттың түпсанасы мен көркемдік танымында «ғұмыр кешетін» заңды құбылыстардың бірі.

5. Қорытынды

Сонымен, біз мәтін құрылымындағы символ қызметінің кейбір қырларын ғана қарастырдық. Символ дегеніміз – белгілі бір ойды, әсерді, ұғымды жеткізуші құрал. Ал сол түсінікті жеткізуде ол автор тарапынан оқырманға әр түрлі әсер ете отырып сан қилы қызмет атқарады. Мәтін түзілімдегі символдың қызметі оның бірнеше түрі мен мағынасын тудырады. Осылайша мәтіндегі символдық деталь, символдық жүйе, символикалық мән-мағына туралы тұжырымдар қалыптасады.

Структуралық әдебиеттануда символ ұғымы таңба жүйесімен байланыстырыла қарастырылып, мәтін түзілімде қандай орын алатыны семиотикалық аспектіде түсіндіріледі.

Поэзия құрылымы әрқашан шығарманың ішкі жүйелік бірлігін меңзейді, онда жүйе негіз және іргетас қызметін атқарса, мәтін осы жүйенің жүзеге асуы, яғни оның қондырмасы болып табылады. Мұндай иерархиялық ұйым тек туындының құрылымына ерекше мән береді, яғни ол шығарманы толығымен көруге ғана емес, сонымен қатар қажет болған жағдайда жүйені жүзеге асыру формасынан ажыратуға мүмкіндік береді. Айырмашылықтың айқын мысалы ретінде, романның кинобейімделуіндегі жүйені жүзеге асырудағы өзгерістерді айтуға болады. Осылайша, бір жүйе әртүрлі деңгейде және әртүрлі формада түсіндірілуі мүмкін. Бұл іргелі ойды түсіну символизм табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді.

Астыртын мағына, астарлы ойға негізделген символистік поэзияның құрылымы көбінесе эмоционалдық қабылдау, қақтығыс пен шиеленісті тудыруға арналған тұспалға толы мифтік қабаттар мен жұмбақтардан тұрады. Егер реалистік сипаттағы туындыларда символ дара тұрып, белгілі бір ойды білдіруге және жеткізуге ұмтылатын шындықты бейнелеумен сипатталса, символизм сарыны басым романтикалық әдебиетте тұтастай жүйе ретінде көрінеді. Модернистік, постмодернистік туындыларда символика «тылсым» ойға бастап, тың эстетикалық мән тудыратын мазмұны қат-қабат жұмбаққа толы болып келеді. Жалпы, әдеби-көркем туынды мәтіндерінің бәрінде символ әр түрлі дәрежеде, түрлі мөлшерде бар. Өзіміз талдау нысанына алған мәтіндердегі символдар санадағы таңбалық бастаудан тамырланып, көркемдік-бейнелілік жүйеде сан қырлы сипат, астарлы, тұспалды мағына тудырған маңызды қызметімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер:

1. Аймұхамбет Ж., Миразова М., Алимбаев А. Әпсаналардағы «қасиетті су» туралы мотивтердің поэтологиясы // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы, № 3/2022. – 113-123 б. ХҒТАР 17.71.07 DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.11>
2. Aimukhambet Zh., Zhumagazina A., Dalebekkyzy A., Aituganova S., Seiputanova A. (2021) Mythical symbolism in structure of meta-text // ASTRA Salvensis, Supplement no. 1. – 199-210 pp. EID: 2-s2.0-85107032435 Part of ISSN: 23441887 23934727
3. Ақсұңқарұлы С. Қараорман. Өлеңдер. – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ 2012. – 384 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы / Мағжан Жұмабаев. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2013. – 384 б.
6. Жүніс Е. Нараду. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2021. – 336 б.
7. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.15: Әдебиет теориясы – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. – 412 б.

8. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық-монография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
9. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Под ред. А.Н.Николюкина. Институт научн. информации по общественным наукам РАН. Москва: НПК «Интелвак», 2001. – 1600 стб.
10. Лич Э. Культура и коммуникация: Логика взаимосвязи символов. «Восточная литература». РАН, 2001 – 142 с.
11. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – Москва: Искусство, 1976. – 367 с.
12. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: «Раритет», 2006. – 384 б.
13. Тахо-Годи А.А. Термин «символ» в древнегреческой литературе// образ и слова. Вопросы классической филологии, -вып. VII. – Москва: Издательство Московского университета, 1980. – 16-17 с.
14. Уэллек Р. и О.Уоррен. Теория литературы. – Москва, «Прогресс». 1978. – 318 с.
15. Шелестюк Е.В. Представленность символа в структуре понятия // Mentalitat und Mentales / hrsg. von E.A. Pimenov, M.V. Pimenova. – Landau: Verlag Empirische Padagogik, 2003. – S. 32-45.
16. Энциклопедия символов / Баур В., Дюмотц И., Головин С. Аударған: Г.Гаева. – Москва: КРОН-ПРЕСС, 1998. – 512 с.
17. Юнг К.Г. Архетип и символ. – Москва: Ренессанс, 1991. – 304 с.

References:

1. Aimukhambet Zh., Mirazova M., Alimbaev A. (2022) Poetology of motifs about «holy water» in fairy tales // Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute, No. 3. – 113-123 p. XFTAP 17.71.07 DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.11> (in Kaz)
2. Aimukhambet Zh., Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S., Seiputanova A. (2021) Mythical symbolism in structure of meta-text // ASTRA Salvensis, Supplement no. 1. – 199-210 p. EID: 2-s2.0-85107032435 Part of ISSN: 23441887 23934727 (in Eng)
3. Aksunkaruly S. (2012) Black forest. Poems. – Almaty, «El-shezhire» PF. – 384 p. (in Kaz)
4. Baitursynov A. (2003) Literary presenter. Research and poems. Almaty: Atamura., – 208 p. (in Kaz)
5. Zhumabaev M. (2013) Collection of works / Magzhan Zhumabaev. – Almaty: «Olke» publishing house, – 384 p. (in Kaz)
6. Yunis E. (2021) Naradu. – Almaty: LLP RPBK «Davir», – 336 p. (in Kaz)
7. Classical studies: Multi-volume. (2013) – Almaty: «World of Literature», Volume 15: K. Zhumaliev, Z. Kabdolov, Z. Akhmetov. Literary theory. – 412 p. (in Kaz)
8. Kabdolov Z. (2014) The art of words. Textbook-monograph. – Almaty: «Olke» publishing house, – 496 p. (in Kaz)
9. Literary Encyclopedia of terms and concepts / Edited by A.N.Nikolyukin. (2001) Institute of Scientific Information on Social Sciences of the Russian Academy of Sciences. – Moscow: NPK «Intelvak», – 1600 p. (in Russ)
10. Leach E. (2001) Culture and communication: the logic of interrelationship of symbols. «Eastern literature». RAN – 142 p. (in Russ)
11. Losev A.F. (1976) The problem of symbols and realistic art. – Moscow: Art – 367 p. (in Russ)
12. Raushanov E. (2006) Gray wormwood that ends up in the bush. – Almaty: «Rarity» – 384 p. (in Kaz)
13. Tahoe-Gody A. (1980) The term «symbol» in ancient Greek literature// image and word. Question of classical philology, - vyp. VII. – Moscow: Izdatelstvo of Moscow University, – 16-17 p. (in Russ)
14. Welleck R. and O. Warren. (1978) Theory literature. – Moscow, «Progress». – 318 p. (in Russ)
15. Shelestyuk E.V. (2003) Representation of symbols in the structure of concepts // Mentalitat und Mentales / hrsg. von E.A. Pimenov, M.V. Pimenova. – Landau: Verlag Empirische Padagogik, 32-45 p. (in Russ)
16. Encyclopedia of symbols / Bauer V., Dumotz I., Golovin S. (1998) Translated by: G. Gaeva. – Moscow: KRON-PRESS, – 512 p. (in Russ)
17. Jung KG. (1991) Archetype and symbol. – M.: Renaissance – 304 p. (in Russ)